



Бекітілді
№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі Р.Ұ.Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
08.08.2021 жыл

«Шығармашылық» білім саласы
«Биле-биле, балақай!» вариативтік компонентінің
2021-2022 оқу жылы мектепалды даярлық топтарына арналған
жылдық перспективалық жоспары

Түсіндірме жазба

«Биле,биле балақай»вариативтік компоненті

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1-қосымшасы) және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрылды. Оқу жоспары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналып жасалды. Оқу жоспары балабақшаның 2021 жылғы 8 қыркүйекте өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып, бекітілді.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонентті балалардың жас шамасын ескере отырып, олардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Биле,биле балақай»атты жұмыс күннің ІІ жартысында ұйымдастырылып жүргізіледі.Жылына 36 сағат,аптасына 1 сағаттан өткізіледі.Би шығармашылығы-әлемді көркемдік тұрғыдан танудағы көркем өнердің ең көне түрлерінің бірі.Би өнерінің балабақшада балаларды өнерге баулып,оларға эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор.Ол баланы музыка тыңдауға,ырғақты сезініп,мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп,дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады.Мектеп жасына дейінгі хореографиялық негіз алған балалар жеткілікті түрде мықты қимыл қозғалыс дағдысы мен қабілетін меңгерумен қатар,жақсы есте сақтау, зейін,ұшқыр қиялмен ерекшеленеді.баланың эстетикалық,физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге де қомақты әсерін тигізеді

Мақсаты:Балалардың денсаулығын нығайта отырып,ой –өрісін,білім деңгейін жетілдіру,көңіл күйін көтеру,музыкалық ырғаққа сай,дене қимылын дамыту.Сұлулық,сымбаттылық келбеттерін қалыптастыру.Достық қарым қатынасқа баулиды

Міндеті:Бала денсаулығын нығайтуды,музыкалық ырғақты,қарқынды сезінуді,биді мәнерлеп орындауды,олардың жекелеген элементтерін меңгеруді іске асырады.

Күтілетін нәтиже:Би іс-әрекеті үстінде әр бала бидің бар қимылын орындап қоймай,биге қызығушылығын ынталандыра,музыка ырғағына сәйкес,мәнерлі көрсетуді игереді.

Қыркүйек айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, Ойын	Іс-әрекет технологиясы
1	Балаларды классикалық қалыптармен таныстыру. Әуенге сай ырғақты билеуге үйрету. Би кезінде тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. Қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру.	Жаттығу. Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру, секіру, тізе бүгіп жүру. Бас, иық, бел, аяққа арналған қимылдарды орындау.	Классикалық әуенге сай қалып қимылдары мен дене қозғалысын көрсету.	«Классикалық мазмұнды әуен»	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Жұбынды тап»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Қалыпқа тұру «Плие» қимылы
2	Балалардың көңіл-күйін көтеріп, билеу шеберліктерін арттыру. Би кезіндегі қимыл – әрекеттерін толықтыра отырып, әсемдікке баулу.	Маршпен, аяқтың ұшымен, өкшенің сыртқы және ішкі қырымен жүру. Аңдардың жүрісімен жүру.	Бидің аяқ қимылын әуенге сай орындауға, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Плие қимылын орындау.	«Классикалық мазмұнды әуен»	Тынығу жаттығу Релаксация Теңіз дыбысына тынығу	Қимылдармен таныстыру Қалыпты орындау Қол позициясы
3	Қазақтың салт – дәстүрімен балаларды таныстырып, сюжетті-мазмұнды би билеуге үйрету. Биді орындау кезінде аяқтың, қолдың, белдің сәнді қозғалуын қадағалау.	Жаттығу. Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру Жанымен, оңға, солға алмастыра аяқты жүру..	«Айна, қошқар мүйіз қимылын үйрету. Ирелен, құбылмалы жүрістері.	«Сырға» биі	Тынығу жаттығу Ойын: «Орнынды тап»	Ырғақты жаттығу Әуен тыңдау Биді үйрету Топпен орындау
4	«Қазақ би» мәдениетін түсіндіріп, әуенді тыңдай отырып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Би қимылдарын одан әрі үйретуді жалғастыру. Буын қимылдарын үйрету	Жаттығу. Марш, түрлі бағытқа жүру. Аңдардың жүрістерін салу. Аяқтың ұшымен секіру, аяқты алмастыра жүгіру.	Аяқтың ұшы мен өкшені алмастыра жүру. Иық, қол, буын қимылдарын көрсету.	«Сырға» биі	Релаксация Д/ойын: «Толқын»	Ырғақты жаттығу Хореографтың биді орындауы Әуенге қосылып орындау

Қазан айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
5	Балалардың шығармашылығын биге қызығушылығын арттырып, биді тез, әдемі орындауға үйрету. Билеу кезінде қауіпсіздік ережелерін ұғындыру.Музыкалық ырғақты сезіну.	Жаттығу.Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру.Тізені бүгіп жүру.Секіру түрлерін орындау. Бір орында айналу.	Қолды жанына созу.Орындарында оңға-солға бұру.Шеңберде аяқтың ұшымен жүру.	«Тамшылар» биі	Релаксация Д/ойын «Қолшатыр»	Ырғақты жаттығу Әуен тыңдау Би қимылдарын үйрену Биді өзбеттерінше орындау
6	Балалардың биді түсініп қабылдау талғампаздығына тәрбиелеу,эстетикалық сезімталдығын қалыптастыру.Кеңістікті бағдарлап,тепе-теңдікті сақтауды үйрету.Музыкалық ырғақты қимылдарды әуенге сай орындауға үйрету.	Жаттығу.Марш,ырғақты секіру. Тізе бүгу. Жанымен жүру, жүгіру,айналып аяқтың ұшын созу.	Аяқтың ұшын созып,шеңбер бойымен орын алмастыра шахмат ретімен орналасу.	«Тамшылар» биі	Тынығу жаттығу Релаксация «Орман құстары дыбыстарын тыңдау»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Қимылдарды орындау Биді топпен өзбеттерінше орындау
7	Балаларды би қимылдарымен таныстыру.Әуенге сай билей білуге үйрету. Балалардың қимылы арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру.Билеу кезінде тапа-теңдік сақтауға	Марш. Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру,жүгіру Ырғақты секіру,тізе бүгу, жанымен жүгіру. Бас,бел иық белге арналған жаттығу	«Полька» биінің секіру қимылдарын аяқтың ұшын созу арқылы орындау.	«Көңілді полька» биі	Релаксация Д/ойын «Қай әуен»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Биді көрсету Топпен орындау
8	Балаларға бидің әуенін тыңдатып,қимылдарды әуенге сай қозғалуын көрсету.Билеу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу.Аяқтың ұшымен, өкшесімен жүру, жүгіру.	Бидің қол мен аяқ қимылдарын нақышына келтіре орындау	«Көңілді полька» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуеннің көңіл-күйін айрату Биді қайталау Бақылау

Қараша айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, Ойын	Іс-әрекет технологиясы
9	Вальс биінің ерекшелігін түсіндіріп, биге қызығушылығын арттыру. Балалардың денедегі бұлшық еттерін ырғақты қозғалысқа келтіру үшін алдын-түрлі жаттығулар жасату	Ырғақты секірулер. Тізені бүгіп жүру. Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру.	«Қайық», қимылын көрсету.	«Кузгі вальс» биі	Д/ойын: «Қай әуен» Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді көрсетуі Өзбеттерінше орындау
10	Бидің ырғағымен таныстырып, би қимылдарын еркін меңгеру арқылы, бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Тепе-теңдікті сақтау. Қимылдарды музыкаға сай орындау.	Марш, бір орында айналу, секіру. Қос аяқпен секіру. Жанымен жүру.	«Қайық» мен қимылы	«Күзгі вальс» биі	Релаксация Д/ойын: «Белгі бойынша қимылда»	Ырғақты жаттығу Әуеннің мазмұнын ажырату Биді жұппен орындау Бақылау
11	«Тырналар» биінің ырғағымен таныстырып, би қимылдарын еркін меңгеру арқылы, бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Кеңістікте қақтығыспай, дәл орналасуға үйрету.	Жаттығу. Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Табанның ішкі, сыртқы қырымен жүру. Аңдардың жүрісін орындау	Бидегі аяқ, бас, қол, бел қимылдары мен дене қозғалысын көрсетуге үйрету.	«Тырналар» биі	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Қолшатыр»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді көрсетуі Топпен орындауы
12	Бидегі қолдың негізгі қимылын, қадамдарын үйрету. Әсем әуен арқылы биге қызығушылық сезімдерін оятып, көңіл-күйін көтеру.	Жаттығу: Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Тізені бүгіп жүру.	Аяқтың ұшына созылып, қолдарын әуен ырғағына сай өзгерту.	«Тырналар» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуеннің ырғағын ажырату Биді өзбеттерінше орындау Бақылау

Желтоқсан айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, Ойын	Іс-әрекет технологиясы
13	Қыс туралы түсінік беріп, ұлпақар биін мәнерлеп орындауға үйрету. Әсемдікке, әдемілікке, сұлулыққа баулу. Әуенге тән қасиеттерді ұғындыра отырып, би элементтерін үйрету.	Жаттығу. Марш аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың сыртқы, ішкі қырымен жүру. Оңға-солға айналу.	Өкшені көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды жанына созу.	«Валеньки» биі	Релаксация Д/ойын: «Белгі бойынша қимылда»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Қимылдарды көрсету Балалардың орындауы
14	Балалардың көңіл-күйін көтеріп, бидің мазмұнын аша білуге үйрету. Би ырғағын түсіндіріп, аяқ қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып, би қимылын еркін сипаттай білуге үйрету.	Жаттығу. Марш. аяқты алмастыра секіру. Жүру, жүгіру, айналу, қос аяқпен секіру.	«Ковырялочка» «Дроп» қимылдарын орындау.	«Валеньки» биі	Тынығу жаттығу Ойын- жаттығу: «Мысық»	Ырғақты жаттығу Әуеннің мазмұнын ажырату Би қимылдарын қайталау
15	Балаларға әсем әуен арқылы биге деген қызығушылық сезімдерін оята отырып, көңіл-күйін көтеру. Тепе-теңдік сақтау. Өздерін жеңіл қозғала білу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу. Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен, табанның ішкі-сыртқы қырымен жүру. Жүгіру, жәй еркін жүру.	Дене, бас, аяқ, қол қозғалыстарын үйрету	«Аяз ата биі	Релаксация Д /ойын «Жұбыңды тап»	Ырғақты жаттығу Әуені тыңдау Хореографтың биді көрсетуі Топпен орындау
16	Балаларға бидегі қолдың негізгі қимылын, қадамдарын үйрету. Тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті дұрыс пайдалана білуге үйрету. Биді өзбеттерімен орындауын талап ету.	Жаттығу. Марш, қос аяқпен секіру, Бір жанымен жүру. Еркін жүру	Бидегі негізгі қимылдарды үйрету.	«Аяз ата» биі	Демалу жаттығу Ойын-жаттығу	Ырғақты жаттығу Түсіндіру Қимылдарды орындау Бақылау

Қаңтар айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, Ойын	Іс-әрекет технологиясы
17	Биге деген қызығушылық сезімдерін оятып, әуен арқылы қимылдарды жеңіл, еркін қозғалу шеберліктерін арттыру.Бидің ырғағын сезіне білуге үйрету.	Жаттығу. Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру,жүгіру. Аяқтың ұшын созу.	«Дроп»,»Ковырялочка» «Ворота» қимылы	«Қыс қызығы» биі	Релаксация Д/ойын: «Әуенді ажырат»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Қимылдарды орындап көрсету Топпен орындау
18	«Қыс қызығы» биіндегі қимыл-қозғалыстарды дамытып, музыка ырғағын сезініп билеуге үйрету.Әуеннің мазмұнын ажырата білуге үйрету.	Жаттығу.Марш аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру, жүгіру.Шеңбер бойымен жүру.	Кеңістікте еркін тұруға үйрету.	«Қыс қызығы» биі	Тынығу жаттығу Тыныс алу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуеннің ырғағын ажырату Көрсету Бақылау.
19	Балалардың көңіл-күйлерін көтере отырып, бидің негізгі элементтерін үйрету. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.	Жаттығу.Марш, аяқтың ұшымен өкшемен жүру	Бидегі аяқ қимылдары мен бөксе қимылдарын орындау.	«Жалын биі»	Релаксация Д/ойын: «Қай әуен»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың биді көрсетуі Топпен орындау.
20	Балаларды сымбаттылыққа, иілгіштікке баулу. Шеңбер бойында бір қалыпта жәй, әдемі қозғала білуге үйрету. Реттік қатарда дұрыс жүре білу әрекеттерін дамыту.	Жаттығу. Марш, табанның ішкі сыртқы қырымен жүру.	Қол, саусақ арналған қимылдарын көрсету	«Жалын биі»	Релаксация Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Көрсету Қимылдарды орындау Бақылау

Ақпан айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, Ойын	Іс- әрекет технологиясы
21	Балалардың бидегі қимыл-қозғалыстарын дамытып, сымбаттылыққа иілгіштікке баулу.Қыс айында болатын табиғат құбылыстарымен таныстыру.	Жаттығу.Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру,жүгіру.Табанның ішкі-сыртқы қырымен жүру.	Балаларға испан биінің иық, бөксе, қол қимылдарын үйрету. Денеқозғалыстарымен қол қимылдарын үйрету.	«Ча-ча-ча» биі	Тынығу жаттығу Тыныс алу жаттығу	Ырғақты жатығу Әуенді тыңдау Биді орындап көрсету Топпен орындау
22	Бидегі тепе-теңдікті сақтауға, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Қалыптарды толықтай ұғындыру.Денені тік ұстап, өкшені біріктіруге үйрету. Сымбатты сұлу мүсін қалыптастыру.	Жаттығу. Марш,Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру.Қос аяқпенн секіру.	Бидегі қол, аяқ қимылдарын үйрету.	«Ча-ча-ча» биі	Релаксация Д/ойын: «Құс қанаты»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Көрсету Бақылау
23	Бидегі негізгі адымдарын дамыта отырыа, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Денені тік ұстап кеңістікте дұрыс орналаса білуге, шапшаңдыққа, төзімділікке, шапшаңдылыққа,әсемдікке үйрету.	Жаттығу.Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру.	Тізе бүгу, малдас құру,атпен шабу қимылдарын үйрету.	«Батырлар» биі	Релаксация Д/ойын: «Әуенді ажырат»	Ырғақты жаттығу Әуеннің ырғағын ажырату Хореографтың биді көрсетуі Бақылау
24	Үйренген қимылдарды өзбетімен орындауға,денені еркін қозғалта білуге үйрету.Әуенді есте сақтай білу қабілетін дамыту. Ержүректілікке, төзімділікке,батырлыққа тәрбиелеу	Жаттығу. Марш. Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру,жүгіру.Тізені биікке көтеріп жүру.	Қамшыны ұстау қимылы, малдас құру,қамшыны төсіне қою.	«Батырлар» биі	Тынығу жаттығу Ойын-жаттығу	Алдын ала жұмыс (балаларды ұжымдық қимыл әрекетке үйрету) Әуенді тыңдай отырып, би қимылын орындау

Наурыз айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық -ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
25	Балалардың қимыл қозғалыстарын дамытып,көктем мезгілі туралы түсіндіре отырып, табиғаттағы әсемдікті би элементтері арқылы көрсете білу дағдыларын қалыптастыру.	Жаттығу. Марш,тізені жоғары созып жүру.Табанның ішкі-сыртқы қырымен жүру.	Балаларға «Сәндену» биінің қимылдарымен,бас,де не қимылдарын үйрету	«Сәндену» биі	Релаксация Ойын-жаттығу: «Кел билейік»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Хореографтың биді көрсетуі Топпен орындау
26	Бидегі негізгі адымдарды үйрете отырып,тепе-теңдік сақтауға,кеңістікті бағдарлай білуге, аяқтың ұшын созып орындарында айналуға үйрету.	Жаттығу.Аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру, жүгіру.Бір жанымен жүру, жүгіру	Дене қозғалыстары мен қол қимылдары	«Сәндену» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Биді орындау Қайталау
27	«Бұраң бел» биін үйретіп, биге қызығушылығын арттырып, қимылдарды үйрету.Әуенді тыңдай отырып, билеу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу. Марш, ырғақты секіру түрлері,Аяқ, саусақ қимылдарын	Білекті қозғау, бас,иық қимылдарын орындау.Аяқтың ұшын созып, орындарында айналу.	«Бұраң бел» биі	Тыныс алу жаттығу. Д/ойын: «Белгі бойынша қимылда»	Ырғақты жаттығу Көрсету Қимылдарды орындау Бақылау
28	Әуенге сай ырғақты, мәнерлі билеуге үйрету.Музыкаға сай билеу қимылдарын өзбетімен орындауға үйрету.Әдемі билей білуге дағдыландыру.	Жаттығу. Марш,аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Қос аяқпен жүру	«Бұраң бел» биінің қимыл-қозғалысы	«Бұраң бел» биі	Релаксация Д/ойын: «Достық»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Биді қайталау Бақылау

Сәуір айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
29	Балаларды әуенді тыңдауға,ырғағына ілесіп билеуге үйрету. Әуенді есте сақтай отырып, жұмсақ өздерін еркін сезіне білуге үйрету.Кеңістікті бағдарлап,орындарын шатаспай табуға үйрету.	Жаттығу.Марш аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру,жүгіру.Орындарында айналу	Көңілді бидің қимыл-қозғалыстарын үйрету.	«Самбо» биі	Тынығу жаттығу Релаксация Ойын-жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Хореографтың биді орындауы Топпен орындау
30	Бидегі жылдамдықпен шапшаңдыққа, арақашықтықты сақтай білуге үйрету.Денелерін тік ұстап, жұппен тұруын үйрету.	Жаттығу.Марш, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру.Қос аяқпен секіру.	Бидегі қимыл-қозғалыстар еңкейіп-шалқаю, қолдарын айқастыру.	«Самбо» биі	Релаксация Ойын-жаттығу: «Кел билейік»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Биді орындау Қайталау
31	Бидегі қимыл-қозғалыстарды дамытып, музыканың ырғағымен, әуенді сезініп билеуге талпындыру. Әуеннің мазмұнын ажырата білуге үйрету.	Жаттығу. Марш,тізені жоғары созып жүру.Табанның ішкі-сыртқы қырымен жүру.	Бидегі аяқ қимылдары мен бөксе қимылдарын орындау.	«Бүлдіршіндер» биі	Релаксация Д/ойын: «Әуенді ажырат	Ырғақты жатығу Әуенді тыңдау Биді орындап көрсету Топпен орындау
32	Әуенге сай ырғақты, мәнерлі билеуге үйрету.Музыкаға сай билеу қимылдарын өзбетімен орындауға үйрету.Әдемі билей білуге дағдыландыру	Жаттығу.Марш аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру, жүгіру.Шеңбер бойымен жүру.	Бидегі аяқ қимылдары мен бөксе қимылдарын орындау.	«Бүлдіршіндер» биі	Релаксация Ойын-жаттығу	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Биді орындау Қайталау

Мамыр айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
33	Балаларға ұлтаралық достықты түсіндіру. Адамгершілікке, достыққа, сыйластыққа баулу. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, бидің әуенін тыңдау арқылы оның қимылын көрсете білу.	Жаттығу. Аяқтың ұшымен өкшемен жүру, жүгіру. Бір жанымен жүру, жүгіру	Дене қозғалыстары мен қол қимылдары	«Ақ көгершін» биі	Релаксация Д/ойын: «Әуенді ажырат»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Хореографтың биді көрсетуі Топпен орындау
34	Бидегі негізгі адымдарды үйрете отырып, тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті бағдарлай білуге, аяқтың ұшын созып орындарында айналуға үйрету.	Жаттығу. Марш, Аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Қос аяқпен секіру.	Дене, бас, аяқ, қол қозғалыстарын үйрету	«Ақ көгершін» биі	Тыныс алу жаттығу. Д/ойын: «Белгі бойынша қимылда»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Көрсету Бақылау
35	Балаларды классикалық қалыптармен таныстыру. Әуенге сай ырғақты билеуге үйрету. Би кезінде тепе-теңдік сақтауға, кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. Қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру.	Жаттығу. Марш аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Орындарында айналу	Классикалық әуенге сай қалып қимылдары мен дене қозғалысын көрсету	«Классикалық қалыптар»	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Жұбынды тап»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Қалыпқа тұру «Плие» қимылы
36	Балалардың көңіл-күйін көтеріп, билеу шеберліктерін арттыру. Би кезіндегі қимыл – әрекеттерін толықтыра отырып, әсемдікке баулу	Маршпен, аяқтың ұшымен, өкшенің сыртқы және ішкі қырымен жүру. Аңдардың жүрісімен жүру.	Бидің аяқ қимылын әуенге сай орындауға, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Плие қимылын орындау.	«Классикалық қалыптар»	Тынығу жаттығу Релаксация Теңіз дыбысына тынығу	Қимылдармен таныстыру Қалыпты орындау Қол позициясы